

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 10 желтоқсандағы № 818 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 10 желтоқсандағы
№ 818 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 наурыздағы № 192 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 8, 91-құжат):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумды бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған "Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандум бекітілсін.";

"Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандум осы өзгерістерге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ертіс" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы", "Жетісу" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы", "Оңтүстік"

әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамдары қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумдарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 мамырдағы № 392 қаулысында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ертіс" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы", "Жетісу" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамдары қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумдарды бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған:

1) "Ертіс" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандум;

2) "Жетісу" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандум бекітілсін.";

"Ертіс" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандум осы өзгерістерге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Жетісу" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандум осы өзгерістерге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Оңтүстік" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандум алып тасталсын.

3. "Тобыл" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы", "Каспий" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы", "Батыс" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамдары қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумдарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 қазандағы № 970 қаулысында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тобыл" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы", "Каспий" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамдары қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандумдарды бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған:

1) "Тобыл" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандум;

2) "Каспий" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандум бекітілсін.";

"Тобыл" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандум осы өзгерістерге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Каспий" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандум осы өзгерістерге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Батыс" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандум алып тасталсын.

4. "Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеуді босату туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 маусымдағы № 636 қаулысында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеуден босату туралы";

көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық жобаларды іске асыру үшін оларға жер учаскелерін беру кезінде оларды ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарға пайдаланғаны үшін ауыл шаруашылығы жерлерін алып қоюдан болған ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын бюджетке өтеуден босатылған әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың тізімі осы өзгерістерге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 20.11.2019 № 861 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. "Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі № 376 қаулысында:

ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың тізбесінде 19, 20, 21, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 37, 38-тармақтар алып тасталсын.

7. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.07.2023 № 597 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. "Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасын мақұлдау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1382 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасында:

"1. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту пайымы" деген бөлімде:

"Ағымдағы жағдайды талдау" деген кіші бөлімде:

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануына байланысты бұл ӘКК-лер қайта ұйымдастырылып, Қазақстан Республикасында 16 ӘКК құрылды.";

төртінші бөлік алып тасталсын;

жетінші бөліктің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) даму жоспарларының бекітілмеуі және соның салдарынан инвестицияларды іске асыруда жүйеліліктің болмауы, нақты мамандандырылудың болмауы;"

тоғызыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"ӘКК өз қызметін даму жоспарын іске асыру арқылы жүзеге асырады.";

оныншы бөлік алып тасталсын;

"2. ӘКК дамытудың негізгі қағидаттары мен жалпы тәсілдері" деген бөлімде:

"Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың мемлекеттік органдармен және даму институттарымен өзара іс-қимыл жасау мәселелері" деген кіші бөлімде:

сегізінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"ӘКК өзіне жүктелген функциялар мен міндеттерге сәйкес жергілікті атқарушы органдармен, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдармен, индустрия және индустриялық-инновациялық даму, агроөнеркәсіп кешенін дамыту, халықты әлеуметтік қорғау, білім және ғылым, денсаулық сақтау, туризм, бәсекелестікті қорғау, жер қойнауын зерделеу және пайдалану саласындағы уәкілетті органдармен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреттілік шеңберінде белсенді және тиімді өзара іс-қимыл жасауға тиіс.";

"Тиімділікті бағалау" деген кіші бөлімде:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"ӘКК қызметінің тиімділігін бағалауды даму жоспарларын іске асыру бойынша ЖАО жүргізген мониторинг нәтижелері бойынша, сондай-ақ мынадай тиімділік көрсеткіштеріне сәйкес мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады:";

он алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Корпорациялардың директорлар кеңестері алға қойылған ҚШК-ге қол жеткізу тұрғысынан даму жоспарларының іске асырылуын кезеңдік бағалау арқылы менеджментті бағалауды жүзеге асырады. Корпорацияның менеджментіне сыйақы беру жүйесі корпорация қызметінің нәтижесіне байланыстырылуға тиіс.";

"Тұжырымдаманы іске асыруға ұсынылып отырған нормативтік құқықтық актілер тізбесі" деген кіші бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Тұжырымдаманы іске асырудың қолда бар құралдары Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы "Акционерлік қоғамдар туралы" және 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" заңдары болып табылады."

9. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.11.2021 № 854 қаулысымен.

10. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 21.11.2022 № 932 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандум

1. Құру мақсаты

"Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамын (бұдан әрі – "Сарыарқа" ӘКК" АҚ) құрудың мақсаты мемлекеттік және жеке секторларды шоғырландыру, кластерлік әдіс негізінде бірыңғай экономикалық нарықты құру, инвестициялар мен инновациялар тарту үшін қолайлы экономикалық орта қалыптастыру, өңірлерді әлеуметтік дамытуға, сондай-ақ пайдалы қазбаларды, оның ішінде мынадай пайдалы қазбаларды: газды (көмір қабаттарынан өндірілетін метаннан басқа), мұнайды, уранды қоспағанда, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге, қайта өңдеуге бағытталған бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруға қатысу жолымен Қарағанды облысының экономикалық дамуына жәрдемдесу болып табылады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Сарыарқа" ӘКК" АҚ-ға:

жарғылық капиталды капиталдандыру үшін қаржы қаражаты;

инвестициялық жобаларды іске асыру үшін жер учаскелері;

жер қойнауын пайдалану құқығы;

пайдаланылуына ақы төлеу есебінен кірістерді жинақтауға қабілетті инфрақұрылым объектілері, инженерлік коммуникациялар мен желілер;

мемлекеттік меншіктегі жылжымалы және жылжымайтын мүлік объектілері;

акционерлік қоғамдардың акциялары, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысу үлестері және мемлекеттік меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындар (бұдан әрі – ұйымдар) берілетін болады.

2. "Сарыарқа" ӘКК" АҚ қызметінің негізгі қағидаттары

"Сарыарқа" ӘКК" АҚ-ның қызметі транспаренттілік, кешенділік және басымдылық қағидаттарына негізделетін болады.

Транспаренттілік қағидаты корпоративтік басқарудың ашық жүйесін құруды және менеджерлердің жауапкершілігін, қаржы ресурстарының тиімді пайдаланылуын тиісті бақылауды болжамдайды. Осы қағидатты іске асыру үшін мінсіз іскерлік беделі бар кәсіби менеджерлерді тарта отырып, тәуелсіз директорлар институты белсенді түрде пайдаланылатын болады.

Кешенділік қағидаты белгілі бір операцияларда және/немесе қызмет түрлерінде ұйымдардың мамандануын қолдаудың әртүрлі көздері мен бағыттары болған кезде экономиканың жеке және мемлекеттік секторларының бастамаларын теңгерімді қолдау жүзеге асырылатынын білдіреді.

Басымдылық қағидаты іске асырылатын жобаларды дайындау және таңдау жөніндегі жұмыста тиісті өңірдің әлеуметтік маңызды проблемаларын шешу көрсетілетін жобаларға басымдық берілетінін білдіреді.

3. "Сарыарқа" ӘКК" АҚ-ның міндеттері

"Сарыарқа" ӘКК" АҚ-ны құру мақсатына қол жеткізу мынадай негізгі міндеттерді шешуге негізделетін болады:

мемлекеттік активтерді басқарудың тиімді жүйесін құру;

өңірлерде бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі қағидаттарын енгізу;

мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде бәсекеге қабілетті, экспортқа бағдарланған өндірістерді құру;

инвестицияларды тарту мен инновацияларды енгізу үшін қолайлы орта қалыптастыру;

бизнес-жобаларды, оның ішінде концессиялар мен кластерлік бастамалар негізінде іске асыру;

шағын және орта бизнесті дамыту үшін институционалдық жағдайлар жасау;

пайданы өңірлік әлеуметтік проблемаларды шешуге бағыттау;

мемлекеттік активтер мен кәсіпкерлік бастаманы шоғырландыру жолымен өңірлердің серпінді дамуын қамтамасыз ету;

өңірдің ішкі және сыртқы нарықтарындағы экономикалық беделін арттыру;

кластерлік өндірісті дамыту және жаңа технологияларды енгізу жолымен шағын және орта кәсіпкерліктің өнімділігін арттыру;

мемлекеттік кәсіпорындарды онарту, қайта құрылымдау, олардың негізінде бәсекеге қабілетті жаңа өндірістер мен технологияларды дамыту;

бизнес-жобалардың базасын қалыптастыру, қаржыландыру және оларды іске асыру үшін жағдайлар жасау.

Жоғарыда көрсетілген міндеттерді шешу "Сарыарқа" ӘКК" АҚ өзіндік және бірлескен жобаларды іске асыру арқылы, сондай-ақ "Сарыарқа" ӘКК" АҚ-ға берілген ұйымдардың қызметіне қатысу арқылы жүзеге асырылады.

4. "Сарыарқа" ӘКК" АҚ-ның функциялары

Ұйымдарды олардың жалпы жиналыстары және директорлар кеңестері арқылы корпоративтік басқаруды жүзеге асыру шеңберінде "Сарыарқа" ӘКК" АҚ-ның негізгі функциялары:

ұйымдар үшін мақсаттар қою;

орта мерзімді бизнес-жоспарларды, қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған инвестициялық бағдарламалар мен ұйымдардың жылдық бюджеттерін бекіту;

жеке сектор бастамаларын іске асыруға бөлінген ақша қаражатын тиімді пайдалануды бақылау;

ұйым басшыларын іріктеу мен ынталандыру болып табылады.

5. "Сарыарқа" ӘКК" АҚ-ны басқару мәселелері

"Сарыарқа" ӘКК" АҚ" Директорлар кеңесінің құрамына Қарағанды облысы әкімдігінің өкілдері, "Сарыарқа" ӘКК" АҚ" Басқармасының төрағасы кіреді.

"Сарыарқа" ӘКК" АҚ Директорлар кеңесінің құзыретіне:

"Сарыарқа" ӘКК" АҚ қызметінің басым бағыттарын айқындау;

"Сарыарқа" ӘКК" АҚ қызметінің мақсаттарын қою;

"Сарыарқа" ӘКК" АҚ-ның бюджетін бекіту;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де мәселелер кіреді.

"Сарыарқа" ӘКК" АҚ-ның қызметін қаржыландыру заңнамаға сәйкес жарғылық капитал қаражаты, инвестициялық кредиттер, гранттар немесе өзге де кірістер есебінен жүзеге асырылады.

6. "Сарыарқа" ӘКК" АҚ мен ұйымдар арасындағы өзара қарым-қатынастар

"Сарыарқа" ӘКК" АҚ мен ұйымдар арасындағы өзара қарым-қатынастар оның жоғарыда көрсетілген функцияларымен айқындалады. Бұл ретте "Сарыарқа" ӘКК" ҰК" АҚ-ның ұйымдар қызметіне әсері акционер функцияларын жүзеге асыру және ұйымдардың тиісті директорлар кеңестерінде өкілдік ету, сондай-ақ ұйымдарға қатысу функциясы арқылы корпоративтік басқару шеңберінде шектеледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің кейбір шешімдеріне
енгізілетін өзгерістерге
2-қосымша

"Ертіс" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандум

1. Құру мақсаты

"Ертіс" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамын (бұдан әрі – "Ертіс" ӘКК" АҚ) құрудың мақсаты мемлекеттік және жеке секторларды шоғырландыру, кластерлік әдіс негізінде бірыңғай экономикалық нарықты құру, инвестициялар мен инновациялар тарту үшін қолайлы экономикалық орта қалыптастыру, өңірлерді әлеуметтік дамытуға, сондай-ақ пайдалы қазбаларды, оның ішінде мынадай пайдалы қазбаларды: газды (көмір қабаттарынан өндірілетін метаннан басқа), мұнайды, уранды қоспағанда, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге, қайта өңдеуге бағытталған бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруға қатысу жолымен Шығыс Қазақстан облысының экономикалық дамуына жәрдемдесу болып табылады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Ертіс" ӘКК" АҚ-ға:

жарғылық капиталды капиталдандыру үшін қаржы қаражаты;

инвестициялық жобаларды іске асыру үшін жер учаскелері;

жер қойнауын пайдалану құқығы;

пайдаланылуына ақы төлеу есебінен кірістерді жинақтауға қабілетті инфрақұрылым объектілері, инженерлік коммуникациялар мен желілер;

мемлекеттік меншіктегі жылжымалы және жылжымайтын мүлік объектілері;

акционерлік қоғамдардың акциялары, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысу үлестері және мемлекеттік меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындар (бұдан әрі – ұйымдар) берілетін болады.

2. "Ертіс" ӘКК" АҚ қызметінің негізгі қағидаттары

"Ертіс" ӘКК" АҚ-ның қызметі транспаренттілік, кешенділік және басымдылық қағидаттарына негізделетін болады.

Транспаренттілік қағидаты корпоративтік басқарудың ашық жүйесін құруды және менеджерлердің жауапкершілігін, қаржы ресурстарының тиімді пайдаланылуын тиісті бақылауды болжамдайды. Осы қағидатты іске асыру үшін мінсіз іскерлік беделі бар кәсіби менеджерлерді тарта отырып, тәуелсіз директорлар институты белсенді түрде пайдаланылатын болады.

Кешенділік қағидаты белгілі бір операцияларда және/немесе қызмет түрлерінде ұйымдардың мамандануын қолдаудың әртүрлі көздері мен бағыттары болған кезде экономиканың жеке және мемлекеттік секторларының бастамаларын теңгерімді қолдау жүзеге асырылатынын білдіреді.

Басымдылық қағидаты іске асырылатын жобаларды дайындау және таңдау жөніндегі жұмыста тиісті өңірдің әлеуметтік маңызды проблемаларын шешу көрсетілетін жобаларға басымдық берілетінін білдіреді.

3. "Ертіс" ӘКК" АҚ-ның міндеттері

"Ертіс" ӘКК" АҚ-ны құру мақсатына қол жеткізу мынадай негізгі міндеттерді шешуге негізделетін болады:

мемлекеттік активтерді басқарудың тиімді жүйесін құру;

өңірлерде бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі қағидаттарын енгізу;

мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде бәсекеге қабілетті, экспортқа бағдарланған өндірістерді құру;

инвестицияларды тарту мен инновацияларды енгізу үшін қолайлы орта қалыптастыру;

бизнес-жобаларды, оның ішінде концессиялар мен кластерлік бастамалар негізінде іске асыру;

шағын және орта бизнесті дамыту үшін институционалдық жағдайлар жасау;

пайданы өңірлік әлеуметтік проблемаларды шешуге бағыттау;

мемлекеттік активтер мен кәсіпкерлік бастаманы шоғырландыру жолымен өңірлердің серпінді дамуын қамтамасыз ету;

өңірдің ішкі және сыртқы нарықтарындағы экономикалық беделін арттыру;

кластерлік өндірісті дамыту және жаңа технологияларды енгізу жолымен шағын және орта кәсіпкерліктің өнімділігін арттыру;

мемлекеттік кәсіпорындарды оналту, қайта құрылымдау, олардың негізінде бәсекеге қабілетті жаңа өндірістер мен технологияларды дамыту;

бизнес-жобалардың базасын қалыптастыру, қаржыландыру және оларды іске асыру үшін жағдайлар жасау.

Жоғарыда көрсетілген міндеттерді шешу "Ертіс" ӘКК" АҚ өзіндік және бірлескен жобаларды іске асыру арқылы, сондай-ақ "Ертіс" ӘКК"

АҚ-ға берілген ұйымдардың қызметіне қатысу арқылы жүзеге асырылады.

4. "Ертіс" ӘКК" АҚ-ның функциялары

Ұйымдарды олардың жалпы жиналыстары және директорлар кеңестері арқылы корпоративтік басқаруды жүзеге асыру шеңберінде "Ертіс" ӘКК" АҚ-ның негізгі функциялары:

ұйымдар үшін мақсаттар қою;

орта мерзімді бизнес-жоспарларды, қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған инвестициялық бағдарламалар мен ұйымдардың жылдық бюджеттерін бекіту;

жеке сектор бастамаларын іске асыруға бөлінген ақша қаражатын тиімді пайдалануды бақылау;

ұйым басшыларын іріктеу мен ынталандыру болып табылады.

5. "Ертіс" ӘКК" АҚ-ны басқару мәселелері

"Ертіс" ӘКК" АҚ" Директорлар кеңесінің құрамына Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің өкілдері, "Ертіс" ӘКК" АҚ" Басқармасының төрағасы кіреді.

"Ертіс" ӘКК" АҚ Директорлар кеңесінің құзыретіне:

"Ертіс" ӘКК" АҚ қызметінің басым бағыттарын айқындау;

"Ертіс" ӘКК" АҚ қызметінің мақсаттарын қою;

"Ертіс" ӘКК" АҚ-ның бюджетін бекіту;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де мәселелер кіреді.

"Ертіс" ӘКК" АҚ-ның қызметін қаржыландыру заңнамаға сәйкес жарғылық капитал қаражаты, инвестициялық кредиттер, гранттар немесе өзге де кірістер есебінен жүзеге асырылады.

6. "Ертіс" ӘКК" АҚ мен ұйымдар арасындағы өзара қарым-қатынастар

"Ертіс" ӘКК" АҚ мен ұйымдар арасындағы өзара қарым-қатынастар оның жоғарыда көрсетілген функцияларымен айқындалады. Бұл ретте "Ертіс" ӘКК" ҰК" АҚ-ның ұйымдар қызметіне әсері акционер функцияларын жүзеге асыру және ұйымдардың тиісті директорлар кеңестерінде өкілдік ету, сондай-ақ ұйымдарға қатысу функциясы арқылы корпоративтік басқару шеңберінде шектеледі.

"Қазақстан Республикасы
Үкіметінің кейбір шешімдеріне
енгізілетін өзгерістерге
3-қосымша

"Жетісу" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандум

1. Құру мақсаты

"Жетісу" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамын (бұдан әрі – "Жетісу" ӘКК" АҚ) құрудың мақсаты мемлекеттік және жеке секторларды шоғырландыру, кластерлік әдіс негізінде бірыңғай экономикалық нарықты құру, инвестициялар мен инновациялар тарту үшін қолайлы экономикалық орта қалыптастыру, өңірлерді әлеуметтік дамытуға, сондай-ақ пайдалы қазбаларды, оның ішінде мынадай пайдалы қазбаларды: газды (көмір қабаттарынан өндірілетін метаннан басқа), мұнайды, уранды қоспағанда, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге, қайта өңдеуге бағытталған бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруға қатысу жолымен Алматы облысының экономикалық дамуына жәрдемдесу болып табылады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Жетісу" ӘКК" АҚ-ға:

жарғылық капиталды капиталдандыру үшін қаржы қаражаты;
инвестициялық жобаларды іске асыру үшін жер учаскелері;
жер қойнауын пайдалану құқығы;
пайдаланылуына ақы төлеу есебінен кірістерді жинақтауға қабілетті инфрақұрылым объектілері, инженерлік коммуникациялар мен желілер;
мемлекеттік меншіктегі жылжымалы және жылжымайтын мүлік объектілері;
акционерлік қоғамдардың акциялары, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысу үлестері және мемлекеттік меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындар (бұдан әрі - ұйымдар) берілетін болады.

2. "Жетісу" ӘКК" АҚ қызметінің негізгі қағидаттары

"Жетісу" ӘКК" АҚ-ның қызметі транспаренттілік, кешенділік және басымдылық қағидаттарына негізделетін болады.

Транспаренттілік қағидаты корпоративтік басқарудың ашық жүйесін құруды және менеджерлердің жауапкершілігін, қаржы ресурстарының тиімді пайдаланылуын тиісті бақылауды болжамдайды. Осы қағидатты іске асыру үшін мінсіз іскерлік беделі бар кәсіби менеджерлерді тарта отырып, тәуелсіз директорлар институты белсенді түрде пайдаланылатын болады.

Кешенділік қағидаты белгілі бір операцияларда және/немесе қызмет түрлерінде ұйымдардың мамандануын қолдаудың әртүрлі көздері мен бағыттары болған кезде экономиканың жеке және мемлекеттік секторларының бастамаларын теңгерімді қолдау жүзеге асырылатынын білдіреді.

Басымдылық қағидаты іске асырылатын жобаларды дайындау және таңдау жөніндегі жұмыста тиісті өңірдің әлеуметтік маңызды проблемаларын шешу көрсетілетін жобаларға басымдық берілетінін білдіреді.

3. "Жетісу" ӘКК" АҚ-ның міндеттері

"Жетісу" ӘКК" АҚ-ны құру мақсатына қол жеткізу мынадай негізгі міндеттерді шешуге негізделетін болады:

мемлекеттік активтерді басқарудың тиімді жүйесін құру;
өңірлерде бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі қағидаттарын енгізу;
мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде бәсекеге қабілетті, экспортқа бағдарланған өндірістерді құру;
инвестицияларды тарту мен инновацияларды енгізу үшін қолайлы орта қалыптастыру;
бизнес-жобаларды, оның ішінде концессиялар мен кластерлік бастамалар негізінде іске асыру;
шағын және орта бизнесті дамыту үшін институционалдық жағдайлар жасау;
пайданы өңірлік әлеуметтік проблемаларды шешуге бағыттау;
мемлекеттік активтер мен кәсіпкерлік бастаманы шоғырландыру жолымен өңірлердің серпінді дамуын қамтамасыз ету;
өңірдің ішкі және сыртқы нарықтарындағы экономикалық беделін арттыру;
кластерлік өндірісті дамыту және жаңа технологияларды енгізу жолымен шағын және орта кәсіпкерліктің өнімділігін арттыру;
мемлекеттік кәсіпорындарды оңалту, қайта құрылымдау, олардың негізінде бәсекеге қабілетті жаңа өндірістер мен технологияларды дамыту;
бизнес-жобалардың базасын қалыптастыру, қаржыландыру және оларды іске асыру үшін жағдайлар жасау.

Жоғарыда көрсетілген міндеттерді шешу "Жетісу" ӘКК" АҚ өзіндік және бірлескен жобаларды іске асыру арқылы, сондай-ақ "Жетісу" ӘКК" АҚ-ға берілген ұйымдардың қызметіне қатысу арқылы жүзеге асырылады.

4. "Жетісу" ӘКК" АҚ-ның функциялары

Ұйымдарды олардың жалпы жиналыстары және директорлар кеңестері арқылы корпоративтік басқаруды жүзеге асыру шеңберінде "Жетісу" ӘКК" АҚ-ның негізгі функциялары:

ұйымдар үшін мақсаттар қою;

орта мерзімді бизнес-жоспарларды, қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған инвестициялық бағдарламалар мен ұйымдардың жылдық бюджеттерін бекіту;

жеке сектор бастамаларын іске асыруға бөлінген ақша қаражатын тиімді пайдалануды бақылау;

ұйым басшыларын іріктеу мен ынталандыру болып табылады.

5. "Жетісу" ӘКК" АҚ-ны басқару мәселелері

"Жетісу" ӘКК" АҚ" Директорлар кеңесінің құрамына Алматы облысы әкімдігінің өкілдері, "Сарыарқа" ӘКК" АҚ" Басқармасының төрағасы кіреді.

"Жетісу" ӘКК" АҚ Директорлар кеңесінің құзыретіне:

"Жетісу" ӘКК" АҚ қызметінің басым бағыттарын айқындау;

"Жетісу" ӘКК" АҚ қызметінің мақсаттарын қою;

"Жетісу" ӘКК" АҚ-ның бюджетін бекіту;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де мәселелер кіреді.

"Жетісу" ӘКК" АҚ-ның қызметін қаржыландыру заңнамаға сәйкес жарғылық капитал қаражаты, инвестициялық кредиттер, гранттар немесе өзге де кірістер есебінен жүзеге асырылады.

6. "Жетісу" ӘКК" АҚ мен ұйымдар арасындағы өзара қарым-қатынастар

"Жетісу" ӘКК" АҚ мен ұйымдар арасындағы өзара қарым-қатынастар оның жоғарыда көрсетілген функцияларымен айқындалады. Бұл ретте "Жетісу" ӘКК" ҰК" АҚ-ның ұйымдар қызметіне әсері акционер функцияларын жүзеге асыру және ұйымдардың тиісті директорлар кеңестерінде өкілдік ету, сондай-ақ ұйымдарға қатысу функциясы арқылы корпоративтік басқару шеңберінде шектеледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің кейбір шешімдеріне
енгізілетін өзгерістерге
4-қосымша

"Тобыл" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидаттары туралы меморандум

1. Құру мақсаты

"Тобыл" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамын (бұдан әрі – "Тобыл" ӘКК" АҚ) құрудың мақсаты мемлекеттік және жеке секторларды шоғырландыру, кластерлік әдіс негізінде бірыңғай экономикалық нарықты құру, инвестициялар мен инновациялар тарту үшін қолайлы экономикалық орта қалыптастыру, өңірлерді әлеуметтік дамытуға, сондай-ақ пайдалы қазбаларды, оның ішінде мынадай пайдалы қазбаларды: газды (көмір қабаттарынан өндірілетін метаннан басқа), мұнайды, уранды қоспағанда, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге, қайта өңдеуге бағытталған бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруға қатысу жолымен Қостанай облысының экономикалық дамуына жәрдемдесу болып табылады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Тобыл" ӘКК" АҚ-ға:

жарғылық капиталды капиталдандыру үшін қаржы қаражаты;

инвестициялық жобаларды іске асыру үшін жер учаскелері;

жер қойнауын пайдалану құқығы;

пайдаланылуына ақы төлеу есебінен кірістерді жинақтауға қабілетті инфрақұрылым объектілері, инженерлік коммуникациялар мен желілер;

мемлекеттік меншіктегі жылжымалы және жылжымайтын мүлік объектілері;

акционерлік қоғамдардың акциялары, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысу үлестері және мемлекеттік меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындар (бұдан әрі – ұйымдар) берілетін болады.

2. "Тобыл" ӘКК" АҚ қызметінің негізгі қағидаттары

"Тобыл" ӘКК" АҚ-ның қызметі транспаренттілік, кешенділік және басымдылық қағидаттарына негізделетін болады.

Транспаренттілік қағидаты корпоративтік басқарудың ашық жүйесін құруды және менеджерлердің жауапкершілігін, қаржы ресурстарының тиімді пайдаланылуын тиісті бақылауды болжамдайды. Осы қағидатты іске асыру үшін мінсіз іскерлік беделі бар кәсіби менеджерлерді тарта отырып, тәуелсіз директорлар институты белсенді түрде пайдаланылатын болады.

Кешенділік қағидаты белгілі бір операцияларда және/немесе қызмет түрлерінде ұйымдардың мамандануын қолдаудың әртүрлі көздері мен бағыттары болған кезде экономиканың жеке және мемлекеттік секторларының бастамаларын теңгерімді қолдау жүзеге асырылатынын білдіреді.

Басымдылық қағидаты іске асырылатын жобаларды дайындау және таңдау жөніндегі жұмыста тиісті өңірдің әлеуметтік маңызды проблемаларын шешу көрсетілетін жобаларға басымдық берілетінін білдіреді.

3. "Тобыл" ӘКК" АҚ-ның міндеттері

"Тобыл" ӘКК" АҚ-ны құру мақсатына қол жеткізу мынадай негізгі міндеттерді шешуге негізделетін болады:

мемлекеттік активтерді басқарудың тиімді жүйесін құру;

өңірлерде бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі қағидаттарын енгізу;

мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде бәсекеге қабілетті, экспортқа бағдарланған өндірістерді құру;

инвестицияларды тарту мен инновацияларды енгізу үшін қолайлы орта қалыптастыру;

бизнес-жобаларды, оның ішінде концессиялар мен кластерлік бастамалар негізінде іске асыру;

шағын және орта бизнесті дамыту үшін институционалдық жағдайлар жасау;

пайданы өңірлік әлеуметтік проблемаларды шешуге бағыттау;

мемлекеттік активтер мен кәсіпкерлік бастаманы шоғырландыру жолымен өңірлердің серпінді дамуын қамтамасыз ету;

өңірдің ішкі және сыртқы нарықтарындағы экономикалық беделін арттыру;

кластерлік өндірісті дамыту және жаңа технологияларды енгізу жолымен шағын және орта кәсіпкерліктің өнімділігін арттыру;

мемлекеттік кәсіпорындарды оңалту, қайта құрылымдау, олардың негізінде бәсекеге қабілетті жаңа өндірістер мен технологияларды дамыту;

бизнес-жобалардың базасын қалыптастыру, қаржыландыру және оларды іске асыру үшін жағдайлар жасау.

Жоғарыда көрсетілген міндеттерді шешу "Тобыл" ӘКК" АҚ өзіндік және бірлескен жобаларды іске асыру арқылы, сондай-ақ "Тобыл" ӘКК" АҚ-ға берілген ұйымдардың қызметіне қатысу арқылы жүзеге асырылады.

4. "Тобыл" ӘКК" АҚ-ның функциялары

Ұйымдарды олардың жалпы жиналыстары және директорлар кеңестері арқылы корпоративтік басқаруды жүзеге асыру шеңберінде "Тобыл" ӘКК" АҚ-ның негізгі функциялары:

ұйымдар үшін мақсаттар қою;

орта мерзімді бизнес-жоспарларды, қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған инвестициялық бағдарламалар мен ұйымдардың жылдық бюджеттерін бекіту;

жеке сектор бастамаларын іске асыруға бөлінген ақша қаражатын тиімді пайдалануды бақылау;

ұйым басшыларын іріктеу мен ынталандыру болып табылады.

5. "Тобыл" ӘКК" АҚ-ны басқару мәселелері

"Тобыл" ӘКК" АҚ" Директорлар кеңесінің құрамына Қостанай облысы әкімдігінің өкілдері, "Тобыл" ӘКК" АҚ" Басқармасының төрағасы кіреді.

"Тобыл" ӘКК" АҚ Директорлар кеңесінің құзыретіне:

"Тобыл" ӘКК" АҚ қызметінің басым бағыттарын айқындау;

"Тобыл" ӘКК" АҚ қызметінің мақсаттарын қою;

"Тобыл" ӘКК" АҚ-ның бюджетін бекіту;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де мәселелер кіреді.

"Тобыл" ӘКК" АҚ-ның қызметін қаржыландыру заңнамаға сәйкес жарғылық капитал қаражаты, инвестициялық кредиттер, гранттар немесе өзге де кірістер есебінен жүзеге асырылады.

6. "Тобыл" ӘКК" АҚ мен ұйымдар арасындағы өзара қарым-қатынастар

"Тобыл" ӘКК" АҚ мен ұйымдар арасындағы өзара қарым-қатынастар оның жоғарыда көрсетілген функцияларымен айқындалады. Бұл ретте "Тобыл" ӘКК" ҰК" АҚ-ның ұйымдар қызметіне әсері акционер функцияларын жүзеге асыру және ұйымдардың тиісті директорлар кеңестерінде өкілдік ету, сондай-ақ ұйымдарға қатысу функциясы арқылы корпоративтік басқару шеңберінде шектеледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің кейбір шешімдеріне
енгізілетін өзгерістерге
5-қосымша

"Каспий" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы қызметінің негізгі қағидағтары туралы меморандум

1. Құру мақсаты

"Каспий" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамын (бұдан әрі – "Каспий" ӘКК" АҚ) құрудың мақсаты мемлекеттік және жеке секторларды шоғырландыру, кластерлік әдіс негізінде бірыңғай экономикалық нарықты құру, инвестициялар мен инновациялар тарту үшін қолайлы экономикалық орта

қалыптастыру, өңірлерді әлеуметтік дамытуға, сондай-ақ пайдалы қазбаларды, оның ішінде мынадай пайдалы қазбаларды: газды (көмір қабаттарынан өндірілетін метаннан басқа), мұнайды, уранды қоспағанда, кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге, қайта өңдеуге бағытталған бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруға қатысу жолымен Маңғыстау облысының экономикалық дамуына жәрдемдесу болып табылады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Каспий" ӘКК" АҚ-ға:

жарғылық капиталды капиталдандыру үшін қаржы қаражаты;
инвестициялық жобаларды іске асыру үшін жер учаскелері;
жер қойнауын пайдалану құқығы;
пайдаланылуына ақы төлеу есебінен кірістерді жинақтауға қабілетті инфрақұрылым объектілері, инженерлік коммуникациялар мен желілер;
мемлекеттік меншіктегі жылжымалы және жылжымайтын мүлік объектілері;
акционерлік қоғамдардың акциялары, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысу үлестері және мемлекеттік меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындар (бұдан әрі – ұйымдар) берілетін болады.

2. "Каспий" ӘКК" АҚ қызметінің негізгі қағидаттары

"Каспий" ӘКК" АҚ-ның қызметі транспаренттілік, кешенділік және басымдылық қағидаттарына негізделетін болады.

Транспаренттілік қағидаты корпоративтік басқарудың ашық жүйесін құруды және менеджерлердің жауапкершілігін, қаржы ресурстарының тиімді пайдаланылуын тиісті бақылауды болжамдайды. Осы қағидатты іске асыру үшін мінсіз іскерлік беделі бар кәсіби менеджерлерді тарта отырып, тәуелсіз директорлар институты белсенді түрде пайдаланылатын болады.

Кешенділік қағидаты белгілі бір операцияларда және/немесе қызмет түрлерінде ұйымдардың мамандануын қолдаудың әртүрлі көздері мен бағыттары болған кезде экономиканың жеке және мемлекеттік секторларының бастамаларын теңгерімді қолдау жүзеге асырылатынын білдіреді.

Басымдылық қағидаты іске асырылатын жобаларды дайындау және таңдау жөніндегі жұмыста тиісті өңірдің әлеуметтік маңызды проблемаларын шешу көрсетілетін жобаларға басымдық берілетінін білдіреді.

3. "Каспий" ӘКК" АҚ-ның міндеттері

"Каспий" ӘКК" АҚ-ны құру мақсатына қол жеткізу мынадай негізгі міндеттерді шешуге негізделетін болады:

мемлекеттік активтерді басқарудың тиімді жүйесін құру;
өңірлерде бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі қағидаттарын енгізу;
мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде бәсекеге қабілетті, экспортқа бағдарланған өндірістерді құру;

инвестицияларды тарту мен инновацияларды енгізу үшін қолайлы орта қалыптастыру;

бизнес-жобаларды, оның ішінде концессиялар мен кластерлік бастамалар негізінде іске асыру;

шағын және орта бизнесті дамыту үшін институционалдық жағдайлар жасау;

пайданы өңірлік әлеуметтік проблемаларды шешуге бағыттау;

мемлекеттік активтер мен кәсіпкерлік бастаманы шоғырландыру жолымен өңірлердің серпінді дамуын қамтамасыз ету;

өңірдің ішкі және сыртқы нарықтарындағы экономикалық беделін арттыру;

кластерлік өндірісті дамыту және жаңа технологияларды енгізу жолымен шағын және орта кәсіпкерліктің өнімділігін арттыру;

мемлекеттік кәсіпорындарды оңалту, қайта құрылымдау, олардың негізінде бәсекеге қабілетті жаңа өндірістер мен технологияларды дамыту;

бизнес-жобалардың базасын қалыптастыру, қаржыландыру және оларды іске асыру үшін жағдайлар жасау.

Жоғарыда көрсетілген міндеттерді шешу "Каспий" ӘКК" АҚ өзіндік және бірлескен жобаларды іске асыру арқылы, сондай-ақ "Каспий" ӘКК" АҚ-ға берілген ұйымдардың қызметіне қатысу арқылы жүзеге асырылады.

4. "Каспий" ӘКК" АҚ-ның функциялары

Ұйымдарды олардың жалпы жиналыстары және директорлар кеңестері арқылы корпоративтік басқаруды жүзеге асыру шеңберінде "Каспий" ӘКК" АҚ-ның негізгі функциялары:

ұйымдар үшін мақсаттар қою;

орта мерзімді бизнес-жоспарларды, қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған инвестициялық бағдарламалар мен ұйымдардың жылдық бюджеттерін бекіту;

жеке сектор бастамаларын іске асыруға бөлінген ақша қаражатын тиімді пайдалануды бақылау;

ұйым басшыларын іріктеу мен ынталандыру болып табылады.

5. "Каспий" ӘКК" АҚ-ны басқару мәселелері

"Каспий" ӘКК" АҚ" Директорлар кеңесінің құрамына Маңғыстау облысы әкімдігінің өкілдері, "Каспий" ӘКК" АҚ" Басқармасының төрағасы кіреді.

"Каспий" ӘКК" АҚ Директорлар кеңесінің құзыретіне:

"Каспий" ӘКК" АҚ қызметінің басым бағыттарын айқындау;

"Каспий" ӘКК" АҚ қызметінің мақсаттарын қою;

"Каспий" ӘКК" АҚ-ның бюджетін бекіту;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де мәселелер кіреді.

"Каспий" ӘКК" АҚ-ның қызметін қаржыландыру заңнамаға сәйкес жарғылық капитал қаражаты, инвестициялық кредиттер, гранттар немесе өзге де кірістер есебінен жүзеге асырылады.

6. "Каспий" ӘКК" АҚ мен ұйымдар арасындағы өзара қарым-қатынастар

"Каспий" ӘКК" АҚ мен ұйымдар арасындағы өзара қарым-қатынастар оның жоғарыда көрсетілген функцияларымен айқындалады. Бұл ретте "Каспий" ӘКК" ҰК" АҚ-ның ұйымдар қызметіне әсері акционер функцияларын жүзеге асыру және ұйымдардың тиісті директорлар кеңестерінде өкілдік ету, сондай-ақ ұйымдарға қатысу функциясы арқылы корпоративтік басқару шеңберінде шектеледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің кейбір шешімдеріне
енгізілетін өзгерістерге
6-қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 28 маусымдағы
№ 636 қаулысына
қосымша

Инвестициялық жобаларды іске асыру үшін оларға жер учаскелерін беру кезінде ауыл шаруашылығы жерлерін ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарға пайдалану үшін алып қоюдан болған ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын бюджетке өтеуден босатылған әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың тізбесі

1. "Ақтөбе" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы.
2. "Алматы" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы.
3. "Astana" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы.
4. "Атырау" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы.
5. "Байқоныр (Байқонур)" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы.
6. "Ертіс" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы.
7. "Есіл" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы.
8. "Жетісу" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы.
9. "Каспий" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы.
10. "Орал" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы.
11. "Павлодар" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы.
12. "Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы.
13. "Солтүстік" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы.
14. "Тараз" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы.
15. "Тобыл" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы.
16. "Түркістан" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" акционерлік қоғамы.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің кейбір шешімдеріне
енгізілетін өзгерістерге
7-қосымша

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.07.2023 № 597 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 10 желтоқсандағы
№ 818 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Ертіс" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2014 – 2023 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 6 мамырдағы № 461 қаулысы.

2. "Алматы" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2014 – 2023 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 12 мамырдағы № 477 қаулысы.

3. "Солтүстік" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2014 – 2023 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 6 маусымдағы № 622 қаулысы.

4. Атырау" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2014 – 2023 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 741 қаулысы.

5. "Есіл" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2014 – 2023 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 шілдедегі № 794 қаулысы.

6. "Байқоңыр (Байконур)" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2014 – 2023 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 шілдедегі № 804 қаулысы.

7. "Тобыл" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2014 – 2023 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 шілдедегі № 814 қаулысы.

8. "Ақтөбе" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2014 – 2023 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 шілдедегі № 819 қаулысы.

9. "Тараз" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2014 – 2023 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 шілдедегі № 820 қаулысы.

10. "Шымкент" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2014 – 2023 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 шілдедегі № 821 қаулысы.

11. "Каспий" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация" ұлттық компания" акционерлік қоғамының 2014 – 2023 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 шілдедегі № 838 қаулысы.

12. "Павлодар" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2014 – 2023 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 шілдедегі № 842 қаулысы.

13. "Сарыарқа" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2014 – 2023 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 тамыздағы № 887 қаулысы.

14. "Орал" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2014 – 2023 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 тамыздағы № 889 қаулысы.

15. "Astana" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2014 – 2023 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 тамыздағы № 890 қаулысы.

16. "Жетісу" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2014 – 2023 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 тамыздағы № 908 қаулысы.

17. "Солтүстік" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының 2014 – 2023 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 6 маусымдағы № 622 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 28 наурыздағы № 160 қаулысы.